

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:
www.philips.com/support

AE2800



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1	Маңызды ақпарат	2
	Қауіпсіздік	2
	Ескерту	2
2	Тасымалы радио	4
	Қорап ішіндегі заттар	4
	Кіріспе	4
	Негізгі құрылғыны шолу	5
3	Жұмысты бастау	7
	Батареяны орнату	7
	Қуатты қосу	7
	Сағатты орнату	8
	Қосу	8
4	Радио тыңдау	9
	FM/MW/LW диапазонын таңдау	9
	Радио станцияға реттеу.	9
	Радио станцияларды автоматты түрде бағдарламалау	9
	Радио станцияларды қолмен бағдарламалау	9
	Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау	9
5	Басқа мүмкіндіктер	11
	Әзірлеу таймерін орнату (кері санақ таймері)	11
	Дыбысты сыртқы құрылғыдан ойнату	11
	Дыбыс деңгейін реттеу	11
6	Өнім туралы ақпарат	12
7	Ақаулықтарды жою	13

1 Маңызды ақпарат

Қауіпсіздік

- Осы нұсқауларды оқыңыз.
- Барлық ескертулерді ескеріңіз.
- Барлық нұсқауларды орындаңыз.
- Бұл құрылғыны судың жанында қолданбаңыз.
- Радиаторлар, жылытқыштар, пештер немесе жылу шығаратын басқа құрылғылар (соның ішінде күшейткіштер) сияқты жылу көздеріне жақын орнатпаңыз.
- Тек өндіруші көрсеткен қосымша/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсетуші мамандарға істетіңіз. Құрылғы қандай да бір жолмен зақымданғанда, мысалы, құрылғыға сұйықтық төгіліп кеткен немесе бір заттар құлап түскенде, құрылғы жаңбырдың астында немесе ылғалда қалғанда, қалыпты жұмыс істемей тұрғанда немесе құлап кеткенде қызмет көрсету қажет.
- Батареяны пайдалану туралы ЕСКЕРТУ - Батарея ағып, нәтижесінде дене жарақатының, мүліктің бүлінуінің немесе құрылғының бүлінуін болдырмау үшін:
 - Барлық батареяларды + және - полюстерін құрылғыда белгіленгендей дұрыстап алыңыз.
 - Батареяларды араластырып пайдаланбаңыз (ескі және жаңа немесе көміртекті және сілтілі, т.б.).
 - Құрылғы ұзақ уақыт пайдаланылмаған кезде батареяларды шығарып алыңыз.
- Батареялар (батарея топтамасы немесе орнатылған батареялар) күн сәулесі, от

немесе соған ұқсас шамадан тыс қызу әсеріне ұшырамауы тиіс.

- Құрылғыға сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.
- Құрылғының үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.

Ескерту

Gibson Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

Еуропалық одақ үшін ескертпе



Осы құжат арқылы Woox Innovations компаниясы бұл өнімнің 1999/5/EC директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді.



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымның Еуропалық 2002/96/EC нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді.

Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.

Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтінеміз. Ескі бұйымыңызды

қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.



Сіздің бұйымыңызда 2006/66/ЕС Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қондырылған қайта жандандыруға болатын батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде лақтыруға болмайды. Батареяларды қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лақтыру ережелерін сақтау қоршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайды.

II сыныпты жабдық таңбасы



Бұл таңба осы өнімде екі еселік оқшауланған жүйенің бар екендігін көрсетеді.

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.



Ескертпе

- Типтік кесте құрылғының астыңғы жағында.

2 Тасымалы радио

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді www.philips.com/support торабында тіркеңіз.

Қорап ішіндегі заттар

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз.



- Негізгі бөлік
- Қуат адаптері
- Пайдаланушы нұсқаулығы

Кіріспе

Осы құрылғымен мына әрекеттерді орындауға болады:

- уақытты білу;
- FM/MW/LWV радио станцияларын тыңдау;
- таймерді орнату;
- сыртқы құрылғыдан аудионы тыңдау.

Негізгі құрылғыны шолу



①

- Радионы қосу немесе күту режиміне ауыстыру.

② SRC

- Көзді таңдау: FM/MW/LW TUNER немесе AUDIO IN.

③ SCAN/PROG

- Алдын ала орнатылған радио станциялардың бағдарламасын жасау.
- Радио станцияларды автоматты түрде іздеу және сақтау.
- Күту режимінде уақытты орнату.

④ 1 - 5+

- Алдын ала орнатылған радио станцияны орнату немесе таңдау.

- ⑤ **TIMER**
 - Әзірлеу таймерін орнату.
- ⑥ **-VOL +**
 - Дыбыс деңгейін реттеу.
- ⑦ **Реттеу тұтқасы**
 - Радиостансаны реттеу.
 - Сағат/минут сандарын реттеу.
- ⑧ **Дисплейлі панель**
 - Уақыт/радио ақпаратын көрсету.
- ⑨ **AUDIO IN**
 - Сыртқы дыбыс құрылғысына арналған дыбыстық кіріс қосқышы.
- ⑩ **Батарея бөлімі**
- ⑪ **Айнымалы ток 5 В ~ 1 А**
 - Жинақтағы АТ қуат адаптері үшін АТ қуат қосқышы.
- ⑫ **Антенна**
 - Радио қабылдауды жақсарту.


3 Жұмысты бастау



Ескерту

- Осы жердегіден басқа басқару элементтерін, реттеулерді пайдалану немесе техникалық қызмет көрсету процедураларын орындау зиянды радиацияның шығуын немесе қауіпсіз жұмысты тудыруы мүмкін.

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.



Кеңес

- Негізгі құрылғы батареялардан қуат алса, артқы жарық кез келген әрекеттен кейін 5 секунд бойы жанады.



Ескерту

- Жарылу қаупі бар! Батареяларды қызудан, күн сәулесінен немесе оттан аулақ ұстаңыз. Батареяларды отқа тастамаңыз.
- Өнімді бұзып алу қаупі! Құрылғыны ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, батареяны шығарып алыңыз.
- Батареяларда химиялық заттар болуы мүмкін, сондықтан оларды қоқысқа дұрыс тастау керек.

Қуатты қосу




Ескерту

- Өнімді бұзып алу қаупі! Қуат көзінің кернеуі құрылғының артқы жағында немесе астында көрсетілген кернеуге сәйкес екенін тексеріңіз.
- Ток соғу қаупі бар! АТ қуат сымын ажыратқанда, әрқашан ашадан тартып розеткадан суырыңыз. Сымды ешқашан тартпаңыз.

Қамтамасыз етілген АТ қуат сымын мынаған жалғаңыз:

- негізгі құрылғыдағы **Айнымалы ток 5 В ~ 1 А** ұяшығы;
- розетка.

- 1 Батарея бөлімін ашыңыз.
- 2 4 x 1,5 В R14/C CELL/UM2 батареяларын (қамтамасыз етілмеген) дұрыс полярлықпен (+/-) көрсетілгендей салыңыз.
- 3 Батарея бөлімін жабыңыз.



Сағатты орнату

- 1 Күту режимінде **SCAN / PROG** түймесін екі секунд басып тұрыңыз.
↳ **[24H]** немесе **[12H]** жыпылықтай бастайды.
- 2 Уақыт пішімін орнату үшін **Реттеу тұтқасын** бұраңыз.
- 3 Растау үшін **Реттеу тұтқасын** басыңыз.
↳ Сағат сандары жыпылықтай бастайды.
- 4 Сағатты орнату үшін **Реттеу тұтқасын** бұраңыз.
- 5 Растау үшін **Реттеу тұтқасын** басыңыз.
↳ Минут сандары жыпылықтай бастайды.
- 6 Минутты орнату үшін **Реттеу тұтқасын** бұраңыз.
- 7 Растау үшін **Реттеу тұтқасын** басыңыз.

Қосу

Радионы қосу үшін **Φ** түймесін басыңыз.

- ↳ Радио соңғы таңдалған көзге ауысады.
 - Радионы күту режиміне ауыстыру үшін **Φ** түймесін қайтадан басыңыз.
- ↳ Тақтада сағат (орнатылған болса) көрсетіледі.

4 Радио тыңдау

FM/MW/LW диапазонын таңдау

- 1 Радионы қосу үшін **Φ** түймесін басыңыз.
- 2 FM, MW немесе LW толқындар диапазонын таңдау үшін **SRC** түймесін басыңыз.

Радио станцияға реттеу.

Радио станцияны реттеу үшін:

FM/MW/LW режимінде **Реттеу тұтқасын** жылдам бұраңыз.

↳ Радио күшті қабылдау сигналы бар станцияға автоматты түрде реттеледі.

Радио станцияны қолмен реттеу үшін:

FM/MW/LW режимінде қажет радио станцияға жеткенше, **Реттеу тұтқасын** бұраңыз.

Радио станцияларды автоматты түрде бағдарламалау



Ескертпе

- Ең көбі 10 алдын ала орнатылған FM радио станциясын, 10 алдын ала орнатылған MW радио станциясын және 10 алдын ала орнатылған LW радио станциясын бағдарламалауға болады.

- 1 Радионы қосу үшін **Φ** түймесін басыңыз.
- 2 FM/MW/LW режимінде **SCAN/PROG** түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.
↳ Барлық қол жетімді станциялар толқын жиілігін қабылдау сигналының күшінің ретімен бағдарламаланады.

↳ Бірінші бағдарламаланған радио станция автоматты түрде таратылады.

Радио станцияларды қолмен бағдарламалау



Ескертпе

- Ең көбі 10 алдын ала орнатылған FM радио станциясын, 10 алдын ала орнатылған MW радио станциясын және 10 алдын ала орнатылған LW радио станциясын бағдарламалауға болады.

- 1 Радионы қосу үшін **Φ** түймесін басыңыз.
- 2 FM/MW/LW режимінде радио станцияны реттеу үшін **Реттеу тұтқасын** бұраңыз.
- 3 **SCAN/PROG** түймесін басыңыз.
↳ Алдын ала орнатылған станцияның нөмірі жыпылықтайды.
- 4 Бір алдын ала орнатылған нөмірді таңдау үшін реттеу тұтқасын бұраңыз.
- 5 Растау үшін тұтқаны басыңыз.
- 6 Қосымша станцияларды бағдарламалау үшін 2 - 5 қадамдарын қайталаңыз.



Кеңес

- Бағдарламаланған станцияны қайта жазу үшін оның орнына басқа станцияны бағдарламалаңыз.

Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау

- 1 Радионы қосу үшін **Φ** түймесін басыңыз.
- 2 FM/MW/LW режимінде алдын ала орнатылған радио станцияны таңдау үшін **1 - 5+** түймесін басыңыз.



Кеңес

- 6-10-шы алдын ала орнатылған станция нөмірін таңдау үшін алдымен **5+** пернесін, содан кейін сәйкес сандық пернетақта пернесін басыңыз (мысалы, 6-шы алдын ала орнатылған станциясын таңдау үшін **5+** және **1** пернелерін басыңыз).

5 Басқа мүмкіндіктер

Әзірлеу таймерін орнату (кері санақ таймері)

Радио дыбыстық сигналды қандай уақыт кезеңінен кейін шығаратынын орнатуға болады.



Ескертпе

- Дабылды орнату алдында сағатты ағымдағы уақытқа орнатыңыз.

- 1 **TIMER** түймесін басыңыз.
↳ Сағат сандары жыпылықтай бастайды.
- 2 Сағатты орнату үшін **Реттеу тұтқасын** бұраңыз.
- 3 Растау үшін **Реттеу тұтқасын** басыңыз.
↳ Минут сандары жыпылықтай бастайды.
- 4 Минутты орнату үшін **Реттеу тұтқасын** бұраңыз.
- 5 Растау үшін **Реттеу тұтқасын** басыңыз.
↳ Уақыт өткеннен кейін дыбыстық сигналдың дыбысы шығады және 🕒 жыпылықтайды.

Әзірлеу таймерін тоқтату үшін

Дыбыстық сигналды өшіру үшін **TIMER** түймесін басыңыз.

- ↳ Радио соңғы таңдалған станцияға реттеледі және 🕒 жыпылықтауын тоқтатады.

Пісіру таймерін нөлдеу үшін

3 секунд бойы **TIMER** түймесін басып тұрыңыз.

- ↳ Дисплей тақтасында 🕒 көрінбей қалады.

Дыбысты сыртқы құрылғыдан ойнату

Осы радио арқылы сыртқы құрылғыдан дыбысты тыңдауға болады.

- 1 Дыбыстық кабельді мынаған жалғаңыз:
 - радиодағы **AUDIO IN** ұясы;
 - сыртқы құрылғыдағы құлақспап розеткасы.
- 2 Радионы қосу үшін 🕒 түймесін басыңыз.
- 3 **AUDIO IN** режимін таңдау үшін **SRC** түймесін қайта-қайта басыңыз.
- 4 Сыртқы құрылғыны ойнату (оның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

Дыбыс деңгейін реттеу

Ойнату кезінде дыбыс деңгейін жоғарылату/төмендету үшін **+/-** түймесін басыңыз.

6 Өнім туралы ақпарат



Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Тюнер

Реттеу ауқымы	FM: 87,5 - 108 МГц MW: 531 - 1602 кГц LW: 153 - 279 кГц
Реттеу торы	50 кГц (FM); 9 кГц (MW); 3 кГц (LW)
Алдын ала орнатылғандар саны	FM: 10 MW: 10 LW: 10
Гармоникалық мазмұн	< 3%

Жалпы ақпарат

АТ қуат көзі	Үлгі: EML412511VD Кіріс: 220-240 В~, 50/60 Гц 20 мА Шығыс: АТ 5 В, 1 А
Батареялар	4 x C батареялары
Ең көп қуат шығысы	1,2 Вт
Жұмыс үшін қуат тұтынуы	5 Вт
AUDIO IN	650 мВ RMS
Мөлшері - Негізгі құрылғы (Е x Б x Қ)	242,3 x 161 x 72,3 мм
Салмағы - Қорабымен - Негізгі құрылғы	1,4 кг 0,77 кг

7 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы қорабын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз.

Бұл құрылғыны пайдалану кезінде проблемалар орын алса, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-торабына (www.philips.com/support) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.

Қуат жоқ

- Қуат сымы дұрыстап қосылғанына көз жеткізіңіз.
- АТ розеткасында қуат барына көз жеткізіңіз.
- Батареялардың дұрыс салынғанына көз жеткізіңіз.

Дыбыс жоқ

- Дыбыс деңгейін реттеңіз.

Сағат/таймер параметрі өшірілген

- Батареяны ауыстырыңыз.
- Қуат үзілген немесе қуат ашасы ажыратылған.
- Сағатты/таймерді ысырыңыз.

Құрылғыдан жауап жоқ

- Батареяларды шығарыңыз және құрылғыны қайтадан қосыңыз.
- Айнымалы ток қуат штепселін ажыратып, қайта қосыңыз, одан кейін жүйені қайтадан қосыңыз.



2015 © Gibson Innovations Limited. All rights reserved.
This product has been manufactured by, and is sold under
the responsibility of Gibson Innovations Ltd., and Gibson
Innovations Ltd. is the warrantor in relation to this product.
Philips and the Philips Shield Emblem are registered
trademarks of Koninklijke Philips N.V. and are used under
license from Koninklijke Philips N.V.

AE2800_12_UM_V3.0

